

еліміздің ішкі нарығында азық-түлік қауіпсіздігін кепілдендіру мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы саласында ұдайы өндіріс процестері табиғатпен байланысты болғандықтан, маусымдылық басым болғандықтан ол мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, нарықтық жағдайларға бейімделуі тиіс. Осы ретте мемлекеттік қолдау мен реттеудің маңызы зор. Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу дегеніміз ауылшаруашылық өнімін өндіруде, оларды өткізуде, ауылшаруашылық тауар өндірушілерді техникалық қамтамасыз етуде мемлекеттің оң экономикалық әсері.

Жалпы көптеген ресейлік және қазақстанның авторлардың пікірінше, аграрлық саланы реттеу мен дамытуда, инновацияларды енгізуде басты ролді мемлекет атқаруы тиіс, себебі ауылшаруашылық тауарөндірушілер өз шығындарын жабуға қаражаттары әрең жететін жағдайда, ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытуға қауқарсыз болады[2].

Осы ретте отандық аграрлық-ғалым Ғ.Қалиев, әсіресе қаржылық дағдарыс жағдайында ауылшаруашылық өндірістерін дамытуда басты ролді мемлекет атқарады деп атап көрсетеді. Экономикасы дамыған елдерде ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеудің мол тәжірибесі жинақталған, оларды біліп-үйрену біз үшін, біздің аграрлық саламыз үшін маңызы зор.

Дегенмен, нарық өзін-өзі реттеу қажет деген нарық заңдылығын жоққа шығара алмаймыз. Қазіргі уақытта Дүниежүзілік Сауда ұйымына енудің басты шарттарының бірі де ауыл шаруашылығы саласына субсидияларды қысқарту, яғни аграрлық саланы өзін-өзі реттеуге көшіру. Қиыншылықтары көп біздің отандық аграрлық сала үшін бұл жағымды құбылыс емес.

Ауыл шаруашылығы саласындағы басқаруды ұйымдастыру тетіктерін жетілдіру қажеттілігі ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктерінен келіп шығады. Өйткені, ауыл шаруашылығы саласын басқару үрдісіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды оны қатыптастыру кезінде үнемі есепке алу қажет. Ауыл шаруашылығы саласының өзіндік ерекшеліктеріне келесілер жатады: ауыл шаруашылығының табиғи үрдістермен тығыз тәуелділікте болуы; өндірісінің маусымдық сипаты, ауыл шаруашылығы саласының негізгі құралдары жер немесе тірі биологиялық организмдер, яғни малдар мен көп жылдық өсімдіктердің болуы.

Ауыл шаруашылығы саласында басқару тетіктерін жетілдіру қажеттілігінің тағы бір себебі, қазіргі уақытқа дейін ауылшаруашылық

басқару органдарының қалыптасуы және дамуы. 2014 жылдың өзінде Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымы қайта қаралып, жойылған бірнеше Комитеттің өкілеттіліктері қайта берілді[3]. Атап өту керек, нарыққа бағытталған ауылшаруашылық өндірісін дұрыс жолға қойып дамыту үшін, оның басқару құрылымын жетілдіру қажет.

Бүгінгі күні ауылшаруашылық өндірісі мен жеке меншікке бағытталған ауыл шаруашылығы секторында басқарудың үш жүйесі қалыптасқан: мемлекеттік, шаруашылық және ауылшаруашылық кәсіпорынның өзін-өзі басқару жүйесі. Осы ретте мемлекет түрлі экономикалық тетіктерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы саласын реттеу және басқару қызметтерін атқарады. Ал шаруашылық басқару жүйесіне келетін болсақ, мұнда тауар өндірушілердің коммерциялық емес ұйымдарға бірігу жолымен іске асырылады, яғни өз мүдделерін қорғау мақсатында түрлі одақтар мен қауымдастықтарға біріктіріледі.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу процесі келесі қағидаларға сүйене отырып жүргізіледі:

- ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік басқару жүйесінің өзіне тән ерекшеліктерге байланысты қызмет аясы болуы тиіс;

- ауыл шаруашылығы саласын басқаруда екі жүйе де қалыптасады: мемлекеттік басқару – «жоғарыдан төмен қарай» қағидасына негізделеді, тауар өндірушілердің өздігінше бірігулеріне негізделген «төменнен жоғарыға қарай» қағидасы.

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік басқару жүйесі ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған шаралармен байланысты іске асырылатын қызметтер мен мемлекеттік органдар тарапынан жүзеге асырылады. Ал екінші, шаруашылық басқару жүйесі нарықтың талаптарына жылдам бейімделетін икемді жүйелерден тұрады және олар белгілі бір ұйымдарға бірігетін тауар өндірушілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғайтын қағидаларға негізделген ұйымдық құрылымдардан тұрады[3].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару жүйесі әкімшілік-аумақтық қағидаларының негізінде қалыптасады.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының өзін-өзі басқару жүйесі түрлі ұйымдастыру және құқықтық нысан түрінде қалыптасқан басқару жүйелері арқылы іске асырылады, олар өндірістік кооператив, акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, фермер (шаруа) қожалығы.

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік басқару келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- әкімшілік басқару, атап айтқанда, мемлекет тарапынан қадағалау, жердің пайдалануын бақылау, мал дәрігерлік, карантиндік, мал тұқымын асылдандыру және т.б. бағыттардағы басқару қызметтері;

- мемлекеттік реттеу, ол түрлі экономикалық тетіктер арқылы жүзеге асырылады: бюджеттік қаржыландыру, дотациялар, көмек қаржы көздері, жәрдемдер;

- экология, салаға ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу, ақпаратпен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы саласының кадрларын даярлау және т.б.

Ауыл шаруашылығын басқарудың негізгі міндеттері – ол ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану, басқару және жоспарлау, ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және т.б.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау ауылшаруашылық саясаты мен сапасын және азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігі мәселелерін шешуге бағытталады. Мемлекет жабдықтар мен ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясын жаңғыртуды ынталандыру арқылы ауыл шаруашылығын қолдау үшін елеулі қаражат бөледі [4]. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ішкі және сыртқы нарықтардағы ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін шешу бір мезгілде халықты қолдау және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге қол жеткізеді.

Шетелдік тәжірибесін зерделеу көрсеткендей, нарықтық экономика ауыл шаруашылығы дамыту бойынша мемлекеттік ықпал ету нысандары мен әдістері неғұрлым күрделіден қарапайымға және қатаңнан салыстырмалы демократиялық нысандарға көшуге тиіс. Мысалы, АҚШ-та фермерлер үшін экономикалық қауіпсіздік үш компонентті жүйеден тұрады: дақылдың кепілімен қамтамасыз ету мен несиелердің орташа бағасы; өндіріс деңгейі және циклдік қарсы төлемдер түрінде шаруашылық секторында қолдауға байланысты емес тікелей белгіленген төлемдер. Бидай, арпа, сұлы, жүгері, құмай, соя, майлы дақылдар, мақта мен жаңғақ қоса алғанда, барлық негізгі өсімдік шаруашылығы өнімдерін субсидиялауды жүзеге асыру. Ал сүт, жүн және бал өндіруді қаржыландыру сомаларын жоғарылату. Шаруалар көктемгі бекітілген кепілдік бағасына сәйкес астықтың қауіпсіздік бойынша аванстық төлемдермен қамтамасыз ету. Сату бағасы кепілдік қамтамасыз ету бағасының деңгейінен төмен болса, қосымша

сома қойылуы қажет. Тікелей тіркелген төлемдер тек ипотекалық тарифтер бекітілген жағдайда жүзеге асырылады, ол үшін сол дақылдар төленеді. Олардың жалпы сомасы, салалардағы өнімділік деңгейі мөлшерінің негізінде анықталады. Ауылшаруашылық тауар өндірушілер ағымдағы жылға арналған төлемдердің жалпы сомасының 50% алдын ала төлем ретінде ала алады. Бірақ, бірінші Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілімен шарт жасасу қажет. Өсімдік шаруашылығының өнімінің нақты түріне арналған нарықтық бағасы бекітілген бағадан төмен болған жағдайларда, контрциклдық төлемдер қойылады.

Осылайша, дамыған елдерде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесі келесілерге негізделеді: субсидиялар, өтем және материалдық-техникалық қолдау; жеңілдікті несие беру, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бюджет қаражатын пайдалана отырып ауыл шаруашылығы техникалары лизингі мен асыл тұқымды мал; ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік мемлекеттік сатып алу; өсімдікті сақтандыруды қолдау; салықтар бойынша; инвестициялық қызметті қаржыландыру; ауыл шаруашылығы ғылымдарын қолдау. Еуропа елдерінің мемлекеттік салаға әсері етуі екі топқа бөлінеді: ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тікелей әсері, өнеркәсіп реттеу үшін заңнамалық, әкімшілік және жоспарлау іс-шаралар қабылдауды қоса алғанда; жанама әсерлер - баға, несие және қаржы, салық және инвестициялық тетіктерді [5].

Қазақстанда кепілдендіру іс-шараларын белсенді іске асырумен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде отандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін нақты шараларды жүзеге асыру керек. Жалпы айтқанда, оларды іс-әрекет бағыттары бойынша үш ірі блоктарға топтастыруға болады. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұлттық экономиканы нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Оларға мыналар жатады: өңір аралық сауда жәрмеңкелері, көрмелер мен отандық өндірілген тауарларды сатуды ұйымдастыру; өңір аралық келісімдерге ұлттық өнеркәсіп мүдделерін бірінші орынға қою; саланы жарнамалық және ақпараттық қолдаумен қамтамасыз ету; отандық өнімді өткізу барысында сауда орталықтарын реттеу; отандық тауар өндірушілердің қатысуымен көтерме және бөлшек сауда жүйелерін құру; отандық өндірістің тауарларын сатуда индустрия мен сауда компанияларына несие және қаржы қолдау шараларын қолдану; ең төменгі асортиментті сақтау.

Экспорттық қызметті жүзеге асыратын өндірістік компанияларға тікелей көмек көрсету қажет (субсидиялар, салықтық демалыстар, шикізат, материалдар бойынша импорттық баждарды босату, ақпараттық қолдау қызметі).

Әлемдік азық-түлік мәселесі әлемдік экономиканың негізгі секторы болып табылатын ауыл шаруашылығына ғана қатысты емес, азық-түлік қауіпсіздігін мемлекет, сондай-ақ шетел валютасындағы қаражаттың перспективалық көзін шешу үшін негіз болып табылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын тиімді дамыту ұлттық экономикалық өсуі мен кедейлікті азайту елеулі үлес қосып отыр. Ол бір ауыл шаруашылығында экономиканың басқа секторларына қарағанда көп адам жұмыс істейтіні белгілі екенін көрсетіп отыр.

Қазақстанда жаңа мүмкіндіктер пайда болуына байланысты ауыл шаруашылығы саласын қарқынды дамыту күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Алайда, бұл биологиялық және табиғи ресурстардың болуына, географиялық және тарихи ерекшеліктеріне, мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері мен артықшылықтарына негізделуі мүмкін.

Мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласына араласуы нарықтық экономиканың дамыған жағдайының өзінде бірқатар объективті факторлармен анықталады. Мемлекеттік реттеу шараларының жиынтығы елдегі экономикалық саясатқа тікелей байланысты болады. Экономикалық дамудың түрлі кезеңдерінде бұл шаралар өзгеріп отыруы мүмкін. Біздің мемлекетімізде ауылшаруашылық саланы басқару мен қолдаудың негіздері озық әлемдік тәжірибеден алынған.

Ауыл шаруашылығы саласын басқару мен реттеу кезінде келесі бағыттарды ұстанған жөн: халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, дағдарыстан шығу жолдарын қарастыру, ауыл шаруашылығы саласында жұмыссыздық деңгейін төмендету, азық-түлік нарықтарын қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жеңілдік несиелер беру, сақтандыру және салық салу, сыртқы экономикалық қызмет барысында отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау, ауылдың әлеуметтік саласын дамыту және т.б.

Мемлекет ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеуді түрлі тетіктер арқылы жүзеге асырады. Экономикалық механизм тауар өндірушілердің өндірістік және инвестициялық қызметік ынталандыруды күшейту мақсатында оларға экономикалық ықпал етудің әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылады. Экономикалық механизмнің

негізгі элементтеріне баға, салықтар, несие, бюджет, сақтандыру жатады.

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу ретінде ауылшаруашылық өнім мен азық-түлікті өндіру, өңдеу, өткізуге мемлекеттің экономикалық ықпал етуін түсінеді. Сонымен қатар оған өндірістік-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау да жатады.

Экономикалық өмірді мемлекеттік реттеу дәрежесіне қарай түрлі мектептер қалыптасты: меркантилизм, классикалық саяси экономия, марксистік мектеп, кейнстік мектеп, монетаризм. Меркантилистер ел үшін байлықтың қайнар көзі ретінде айналыс саласын қарастырды, олардың пікірінше, мемлекет экономикалық қатынастарға экспортты ынталандыру және отандық өндірушіні импорттық мәмілелерден қорғау арқылы ықпал етуі тиіс.

Буржуазиялық саяси экономияның классигі А.Смиттің пікірінше, мемлекет экономикалық еркіндікті, адам өмірі мен мүлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, дауларды шешу қажет. Кейнс мектебінің ұстанымы бойынша мемлекет экономикаға белсенді түрде араласуы тиіс, себебі еркін нарықтың дағдарыстан шығу тетіктері жоқ, мемлекет нарыққа сұранысты жоғарылату мақсатында араласады.

Саяси экономияның монетаристік мектебі мемлекеттің сұраныс арқылы ұдайы өндіріске ықпал етуден бас тарту қажет деген тұжырымға негізделген.

Ресейлік автор В.Орешиннің пікірінше, экономиканы мемлекеттік реттеу – ол мемлекеттік билік органдарының қоғамның барлық мүшелерінің әл-ауқатының жоғарылауын қамтамасыз ету үшін экономиканың ұдайы өндіріс процестеріне ықпал етуі. Мұнда мемлекеттің экономикаға ықпал етуі реттеу үдерісіне қатысу дәрежесіне байланыссыз объективті сипатқа ие болады, сонымен қатар, рынокты, шаруашылықты мемлекеттік реттеу нарықтық экономиканың өзін-өзі реттеу тетіктерін қосымша ретінде қарастырылады [6].

Г. Новосельцеваның пікірінше, мемлекеттің қалыптасуының алғышарты болып экономиканың дамуының нәтижесінде қалыптасқан мезокеңістіктерден біріңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру қажеттілігі табылады. Экономикалық кеңістіктің құрамдас бөліктеріне кейбір авторлар еңбек бөлінісін, мамандануды, айырбасты және, сонымен қатар, нормаларды, ережелерді, дәстүрді жатқызады [7].

Демек, экономиканы мемлекеттік реттеу деп өндірістік процестің барлық сатыларына ықпал ету тетіктерінің жиынтығын түсінеді, ал басқарушылық ықпал ету жалпы реттеу

тетігінің бір бөлігі ғана болып табылады. Мұнда мазмұны, негізі жүйенің мақсатты арналымымен, әр элементтің мақсатты қызметімен және басқа элементтермен әрекеттесуімен анықталады.

Отандық ғалым Б.Бердалиев ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеуді аграрлық саланың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экономикалық тепе-теңдікті сақтау үшін мемлекеттің ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, өңдеу, өткізу және өндірістік-техникалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету үдерістеріне ықпал етуі деп біледі. Осы ретте ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптастырудың объективті алғышарттарын атап өткен жөн, оларға келесілер жатады.

1 Тиісті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау және олардың орындалуын бақылау арқылы барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін кәсіпкерлік және басқа да қызметтің біріңғай құқықтық негіздерін белгілеу қажеттілігі.

2 Монополиялар мен монополистік бірлестіктердің ықпал етуін және өсуін тоқтату, тиімді монополияға қарсы заңдылықтардың негізінде табиғи монополиялардың қызметін мемлекет тарапынан бақылау, бәсекелестік ортаның, бәсекенің дамуын ынталандыру.

3 Өндірістің оңтайлы орналасуы және олардың жоғары тиімділігіне қол жеткізу, кооперацияның дамуы, шағын және орта бизнес субъектілері үшін капиталдың қолжетімді болуы мақсатында тауарлардың, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету бағытында біріңғай экономикалық, нарықтық кеңістікті қалыптастыру қажеттілігі.

4 Экономикалық тұрақтылыққа және экономикалық тепе-теңдікке қол жеткізу үшін өндірістің және агроөнеркәсіптік нарықты реттеудің нарықтық тетіктеріндегі «тоқтауларды» жою.

5 Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін отандық аграрлық тауар өндірушілерге қатысты протекционистік саясатты жүзеге асыру қажеттілігі.

6 Нарықтық механизм ауылдық аумақтардағы әлеуметтік мәселелерді қарастырмайды және оларды шешу үшін пайдалана алмайды.

7 Аграрлық саланы мемлекеттік реттеу қажеттілігі ауыл шаруашылығының және агроөнеркәсіптік нарықтың ерекшеліктерімен сипатталады:

- ауыл шаруашылығында капиталдың айналымдылығы қиындатылады, ол экономи-

каның басқа салаларына қарағанда бәсең болады;

- ауылшаруашылық өндірісте бәсеке жоғары дәрежеде болады, мұнда көптеген шағын ауылшаруашылық тауар өндірушілер күшті жабдықтаушылармен, ірі саудалық делдалдармен бәсекеге түседі;

- ауылшаруашылық өндірісте кәсіпкерлік тәуекелі жоғары болады, себебі бұл сала ауа-райының, аграрлық нарықтағы конъюнктураның қалыптасу ерекшеліктеріне тәуелді болады;

- ауыл шаруашылығындағы маусымдылық кейінге қалдырылатын сұранысты қалыптастырады және өндірістік қуатты қалпына келтірумен байланысты жоғары инвестициялық шығындарымен сипатталады;

- ауыл шаруашылығының басты өндіріс құралы ретінде жер үнемі бақылауды, тиімді пайдалануды және жердің құнарлығын жоғарылату бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыруды талап етеді.

Ауыл шаруашылығы өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттік реттеуге мұқтаж және нарықтық механизмнің тәжірибесіне жатпайды. Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеудің басты мақсаты аграрлық саланың экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету, ауылшаруашылық тауар өндірушілердің табыстарын қолдау, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жоғарылату және ауылдық аумақтарды дамыту.

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеудің нысаны болып үдерістер, жекелеген салалар, өнім және ресурстардың түрлері, шаруашылық жүргізуші субъектілер, өндірісте, нарықта және әлеуметтік салада пайда болатын қатынастар.

Мемлекеттік реттеудің заманауи тұжырымдамасы келесі қағидаларға негізделеді:

- ауыл шаруашылығында тауар өндірушілер өндірістік үдерісті негізінен өздерінің есебінен жүзеге асырады, ал мемлекеттік қолдау шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттыруды ынталандыру ретінде қарастырылады;

- ауылшаруашылық өндірісін ынталандыру үшін мемлекет тарапынан қолданылатын тетіктер мен құралдар ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне, өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануға, қолданылатын технологиялардың сапасын жоғарылатуға ықпал етуі тиіс [8].

Экономиканы мемлекеттік реттеудің тетіктері болып мемлекеттік органдармен әзірленетін және қолданылатын әдістер, реттеуші ықпал ету құралдары, және оны қамтамасыз етуі [9].

Реттеудің түрлі тетіктерін келесі топтарға бөліп қарастыруға болады:

- әкімшілік-құқықтық тетіктер;
- экономикалық тетіктер, тура әрекет ету реттеушілері;
- жанама түрде әрекет ететін экономикалық реттеушілер.

Мемлекеттік реттеудің әкімшілік-құқықтық тетіктеріне заңдар, жарлықтар, мемлекеттік билік органдарының қаулылары, мемлекеттік жоспарлар мен директивті бағдарламалар, басқа да экономикалық, шаруашылық қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жатады.

Тікелей ықпал ететін реттеуші экономикалық тетіктерге экономика салаларын мемлекеттік бюджеттік және бюджеттен тыс қолдау, әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары, инвестициялық жобалар жатады. Сонымен қатар осы топқа көптеген ғалымдар жәрдемақыларды, субсидияларды, субвенцияларды, салықтық жеңілдіктерді, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау жатқызады.

Жанама түрде әсер ететін экономикалық реттеуші экономикалық тетіктерге салықтық ставкалар мен Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкалары, валюта бағамы, кендік баждар, мемлекеттік қызметтердің тарифтері жатады.

Мемлекеттік ықпал етудің түрлі бағыттары, нысандары мен әдістері және экономикалық қатынастардың дамуы бірақатар жалпылама ережелерге сүйенеді:

- агроөнеркәсіптік өндірісті, оның түрлі салалары мен қызмет түрлерін индикативті жоспарлау;

- мемлекеттік немесе коммерциялық құрылымдармен өндірілген өнімдердің сатып алуын ұйымдастыру;

- бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін салықтардың, төлемдердің негізделген мөлшерін, нормасы мен нормативтерді белгілеу;

- өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру және ауылдық аумақтарды дамыту үшін қысқа және ұзақ мерзімді несиелер беру;

- агроөнеркәсіптік өндіріске және ауылдың әлеуметтік саласына дотация, шығындарды өтеу, тікелей бюджеттік төлемдер түріндегі субсидияларды бөлу;

- аграрлық сала үшін кадрлар дайындау және олардың біліктілігін жоғарылату.

Өңірлік ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеудің әдістемесі аграрлық экономиканы тұрақты дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған ұйымдастыру нысандарының, әдістерінің, тетіктері мен құралдардың жиынтығы болып табылады.

Аграрлық саланы мемлекеттік реттеудің ұйымдастыру-шаруашылық механизмі қолданылатын нысандардың, әдістері мен құралдарының жүйелілік сипаттамасы болып табылады.

Осы тұрғыда мемлекеттік реттеудің тетіктеріне жекелеген қызмет түрлерін жүргізуге берілетін лицензиялар, экспорт пен импорт квоталары мен баждарын белгілеу, мемлекет тарапынан көрсетілетін белгілі бір экономикалық нысандарға қатысты шектеу шаралары, мемлекеттік сапа стандарттары жатады.

Мемлекеттік реттеудің мақсаты, мәселелері мен қағидалары түрлі әдістердің көмегімен жүзеге асырылатынын атап өткен жөн. Мемлекет тарапынан басқарудың әкімшілік-әміршілік әдістерін қолдану аясы күрт қысқарды, аграрлық саланы мемлекеттік реттеу әдістері мен құралдары әлсіз қолданылады. Нәтижесінде мемлекеттік органдар жағымсыз үрдістерді сырттай бақылаушы ролін атқаруда, сәйкесінше, ауылшаруашылық тауар өндірушілер әлсіз қолдау жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр. Мемлекет нарықтық инфрақұрылымды қалыптастырып, қаржылық-несиелік механизмге ықпал етеді.

Сонымен қатар мемлекеттік реттеуді әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу, ұлттық бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік басқарудың басты қызметі деп қарау керек. Мемлекеттік реттеу мемлекеттік басқару органдарымен жүзеге асырылып, заң шығарушы, атқарушы және бақылаушы сипатындағы арнайы шаралар жүйесін қамтиды. Ауыл шаруашылығы саласын экономикалық негізделген реттеу қажеттілігі бірқатар факторлардың ықпалынан келіп шығады, олардың ішінде аса маңыздылары: табиғи-климаттық ықпал; экономиканың басқа салаларымен салыстырғандағы ауылдық тауар өндірушілердің төмен дәрежедегі монополиясы; ауыл шаруашылығы саласының капитал сиймдылығы жоғары және рентабельдігі төмен; ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өнім бағаларының диспаритеті.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан Республикасының ұлттық шаруашылығының маңызды саласы болып табылады. Нарықтық экономика жағдайындағы агроөнеркәсіптік кешен толық көлемде сала аралық бәсекеге қатыса алмайды. Соңғы уақытта мемлекет тарапынан ауыл шаруашылық мәселелеріне кеңінен назар аударылып келеді, себебі ауылшаруашылық өндірісінің тиімді жұмыс атқаруына экономиканың тепе-теңдігі, елдегі саяси

жағдай, ондағы азық-түлік тәуелсіздігі байланысты болады.

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына, ғылымның, қоғамдық сана мен мәдениет деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Мемлекеттік реттеу бағыттарын қарастыра келе, негізгілерін атап өткен жөн:

- ауылшаруашылық өнімі, шикізат пен азық-түлік нарықтарының қалыптасуы және жұмыс істеуі;

- қаржыландыру, несиелендіру, сақтандыру және салық жеңілдіктері;

- сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау;

- агроөнеркәсіптік өндіріс саласында ғылыми қызметті жүзеге асыру және ғылымды дамыту;

- ауылдың әлеуметтік саласын дамыту.

Осыдан барып агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеудің мәселелері анықталады:

- агроөнеркәсіптік өндірісті тұрақтандыру және дамыту;

- Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту;

- ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салалары арасындағы экономикалық арақатын асты ұстану;

- ауылдық және өнеркәсіптік жұмыскерлердің табыстары арасындағы табыс деңгейін жақындату;

- агроөнеркәсіптік өндіріс саласындағы отандық тауар өндірушілерді қорғау.

Мемлекеттік реттеу тетіктерінің маңызды сипаттамалары олардың атқаратын қызметтерінен көрініс табады. Аграрлық салада шаруашылық жүргізудің қолайлы шарттарын қалыптастыру мемлекет тарапынан бірқатар қызметтердің орындалуын талап етеді, олардың ішіндегі маңыздыларына келесілер жатады: саяси және әкімшілік қолдау (қолайлы ортаны қалыптастыру); қаржылық қолдау және сақтандыру (тікелей және жанама көмек көрсету); ақпараттық, инновациялық, маркетингтік, құқықтық қолдау; саланы жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету; өткізу нарықтарына жол ашу; ішкі нарықты қорғау;

ішкі бәсекелестікті дамыту; азық-түлік нарығындағы тепе-теңдікті сақтау; меншік құқықтарын қорғау; аграрлық ғылымды дамыту; тұқым және асыл тұқымды мал шаруашылықтарын дамыту; қымбат бағалы инфрақұрылым нысандарын ұстау, бақылау.

Ауылшаруашылық өндірісіндегі нарықтық тетіктердің, интеграциялық үдерістің қалыптасуы мен дамуы ұлттық, қоғамдық, салалық мүдделерді ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл, өз кезегінде, базалық ғылыми қағидалардың негізінде аграрлық қатынастарды, ауыл шаруашылығын және агроөнеркәсіптік кешеннің басқа да салаларын реттеудің тиімді экономикалық тетіктерін құруды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Есиркепов Т.А., Зиябеков Б. Государственное регулирование аграрного сектора в условиях перехода к рынку (на примере Республики Казахстан). - Алматы: Ғылым, 2007.- 196 с.

2 Хэджес Т. Организация хозяйства на фермах США //АПК: Экономика и управление.- 2001. - №3. - С. 2 - 12.

3 Сайлыбаева А.Б. Зарубежный опыт внедрения нововведений в сферы растениеводства и животноводства //КазЭУ Хабаршысы.- 2009.- №2.- 121с.

4 Демьяненко В. Продовольственный комплекс США и формы агробизнеса //Вопросы экономики.- 2001.- №3.- С.116-127.

5 Черняков Б.А. Опыт США в развитии сельских районов //Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий.- 2011.- №.- С. 13-17.

6 Нұрышев Ф.Ж. Ауыл тауар өндірушілерін ынталандыру мәселелері.- Алматы, 2006. -192 б.

7 Жалелева Р.К. Приоритеты совершенствования структуры хозяйства регионов Казахстана /Монография. – Алматы: Ин-т экономики МОН РК, 2012.

8 Андреева Н.М. Сельское хозяйства США (Технология, организация, аграрная политика). –М.: Наука, 2005. -156 с.

9 Карпенко И. Развитие рыночных отношений в АПК восточно-европейских стран // Международный с.-х. журнал.- 2006. - №3. - С. 28.